

«БҰЛ ТҮСІНІКТІ ҚОҒАМ САНАСЫНА СІҢІРУ ҚАЖЕТ»!

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «Әділетті Қазақстан: заң мен тәртіп, экономикалық өсім, қоғамдық оптимизм» (02.09.2024 ж.) атты Қазақстан халқына Жолдауында жоғары білім саласы және оның халықаралық білім беру кеңістігімен ықпалдасуы жөнінде өзекті ой қозғап, өзіміздің оқу орындарымызда кәсібін жетік меңгерген білікті кадрларды даярлаудың маңыздылығын алға тартты. *«Оларға мейлінше қолдау көрсету керек. Атап айтқанда, маман даярлауға берілетін мемлекеттік тапсырысты біртіндеп көбейткен жөн. Бұл тәсілді білім бағдарламасы заман талабына сай келетін өз оқу орындарымызға да қолдануға болады»,* - дей келе, осы мақсатты жүзеге асыру кезінде орындалуы тиіс қадамдарды да жіктеп берді. Бұл бүгінгі таңда ғылым мен білім, экономика, жалпы күллі сала мамандарына ортақ түйткілді мәселе екені даусыз. Кез келген салада білікті маман болып қалыптасу теориялық және тәжірибелік білімнің сапасына тәуелді болса, Жолдауда айтылған *«Адал азамат – Адал еңбек – Адал табыс»* қағидатын жүзеге асыру сапалы білімді игерген маманның адамдығына және өз жұмысындағы адалдығына тәуелді. Себебі *«Жұмыстың жаманы жоқ, кез келген еңбек – қадірлі»,* - дейді мемлекет басшысы.

Жолдауда Қасым-Жомарт Тоқаев *«...біздің қоғамда еңбекқорлық, кәсібилік сияқты қасиеттер өте жоғары бағалануға тиіс»,* - деп кадрдың бойынан табылуы тиіс адамгершілік қасиеттерге баса назар аударады. Иә, білікті әрі өз ісіне адал кадрларды даярлау үшін жоғары оқу орындарында, колледждерде, тіпті техникалық және кәсіптік білім беру мекемелерінде тек арнайы мамандық пәндерін оқыту жеткіліксіз. Мемлекет басшысының Жолдауында аталған адамгершілік қасиеттерді ұлт сапасын арттыратын білікті кадрлардың бойынан көру үшін, олардан өз ісіне деген адалдықты, қажырлы еңбекті талап ету үшін, ең алдымен білім беру үдерісінде оларға сондай пәнді оқыту қажет.

Мамандық пәндерінен жігі ажырамас адамдық пәні – «Абай ілімі». *«Өз кәсібін жетік меңгерген, ұлт сапасын арттыратын адал азамат, маман»* даярлау үшін «Абай ілімі» пәні жоғары оқу орындарында барлық факультеттердің мамандықтарында міндетті пән ретінде оқытылуы тиіс. Сонда ғана адамдық пәнін мамандық пәнімен қатар игерген адам, яғни Қасым-Жомарт Тоқаев айтқандай: *«Кәсібіне адал әрі жауапкершілікпен қараған адам қашанда лайықты бағасын алады. Бұл түсінікті қоғам санасына сіңіру қажет»!*

**Алма Кенжеқожаева,
Абай ғылыми-зерттеу институтының
кіші ғылыми қызметкері**